№ 28 «Ақбота» бөбекжай балабақшасы

# Қош келдің, Наурыз!

*Тәрбиеші: Утаралиева Н*

*«Қарлығаш» тобы*

**2021 ж**

Scanned with CamScanner

**Қош келдің, Наурыз!**

Армысыздар, құрметті қонақтар, балалар! Баріміздің асыға күткен Наурыз тойымыз да келіп жетті. Тойларыңыз құтты болсын! Наурыз. Бұл күн- біздің ата-бабаларымыз, арғы тегіміз мыңдаған жылдардан бергі тойлап келе жатқан жыл басы мерекесі. Наурыз тойымыз құтты болсын! Ұлыстың ұлы күні деп аталған Наурызда денсаулықтарыңыз мықты болсын! «Наурыз келсе, құт келгені, халайық!»наурыз мерекесімен құттықтау сөз Балабақшамыздың меңгерушісі Жолболды Базаркүл апайға сөз беріледі.

Балабақшамыздың әдіскері ЖАНАТ апайға сөз берейік.

Жүргізуші: Ақзере қызымыздың апайларымызға арнаған **«Әжетайым»** өлеңін қабыл алыңыздар .

Есік ашып,шашу шашып,

( Ортаға әжелер шығып, шашу шашылады)

Әже: Наурыз Құтты болсын ағайын! Шашу, шашу.

Өлкеме Наурыз келді, көктем келді,

Құлпыртып жерге орап көк пен жерді.

Халқымның салт-дәстүрін аялаған

Арманы асқақтады көптен бергі

Кең байтақ жасандырып, жусан белін

Ақтарып күн нұрындай думан лебін,

Сіңірген халық салтын қанымызға

Наурызым құтты болсын, халқым менің!

(Төрге әжелер жайғасады)

Жүргізуші:

Ал,халайық тұрмайық,

Әндетейік жырлайық!

Ортамызды ашайық,

Ырыс тілеп бұл жылға,

Жырдан шашу шашайық!

Scanned with CamScanner

Ән «Наурыз»

(Күй ойналады, ортаға Алдар көсе шығады.)

Ассалаумағалейкүм жамағат.Ал Наурыз құтты болсын ! Мен де келдім ортаға.Той құтты болсын!

Жүргізуші:

Алдеке жоғары шығып, жайланып отырсаңыз.Әлде біреуді алдауға асығып отырсыз ба?

Алдар:Жоға.Мен жұртың бәрін жаппай алдай бермеймін, қарақтарым.Менің

алдайтын адамдарым қызығы елге жақпайтын, жалқау,сараң жаман адамдар.

Оны әнге қосып былай деп айтып жүремін:

Алдар десең алдаймын

Сайтанды да арбаймын

Сараңдарға қаттымын

Кедейлерге балдаймын

Мен Алдармын, Алдармын

Шегі жоқ бұл халқымның

Өмірімді арнаймын

Бақыты үшін халқымның,

А а а а а ,а а а

Жүргізуші:

Бәрекелді, Үніңіз майдай құлаққа

Атыңыз мәлім жыраққа.

Алдар::Менің бала кезімде бір сүйіп ойнаған ойыным бар еді.Енді балаларыма соны үйретейін.

Ойын: «Қыз қуу».

Жүргізуші: Наурыз  салт дәстүр мерекесі. Ендеше біздің ауылға көрші ауылдан келген қонағымыз баласының тұсауын кестіргісі келіп отыр екен. Ортаға шақырайық,

Ортаға әже шығып тұсау кестіреді

Ал енді  тақпақтарға кезек  берейік

Scanned with CamScanner

[illegible] **Наурыз** келді [illegible]
Кел билейік [illegible]
Көзге қарап тұрмайық,
Тойға шашу шашайық!

Ясмин Той думанға келіңіз,
Тамашалап көріңіз,
Ән айтайық бәріміз,
Қол соғайық бәріміз!

Темірлан **Наурыз** тойы - елдің тойы,
Көктем тойы - төлдің тойы.
Ән айтатын күні бойы
Жақсы көрем **Наурыз** тойын!

Дінмұхаммет **Наурыз** келді - жыл келді
Тірілтуге гүлдерді.
Сәнденеді аналар
Сәбилермен бірге енді.

Томирис.Наурыз бақыт, жаңа күн
Көже ішіп қалатын
Наурызда бас қосуды
Тілеу керек осыны

Би: бір топ ұлдар. **«Батырлар би»**

Жүргізуші:Қыздарымыздың тақпағына кезек берейік.

Кәусар.**Наурыз** келді, нұр келді,
Түгел аймақ түрленді.
Бақшадағы апайлар
Тойға әзір боп үлгерді.

Ақзере.**Наурыз** жауын, **наурыз** сән,
Әсем әуен, сазды ән.
Қыз бозбала қыдырған,
Жасыл желек, көк аспан.

Манарбек. **Наурыз** самал, **наурыз** таң,
Қалың орман ұйқысынан оянған.
Сағынышпен қауыштырған жұптарды,
Жылдың басы, он екі айда тоғысқан.

Алихан.**Наурыз** тойы — салтанат,
**Наурыз** тойы — мархабат.
Әр жүректен ән тарап,
Шаттанады шартарап.

Әмір.Қыс өтіп, қар кетіп,
Шырайлы жаз жетіп,
Шаруаның кеңелген

Scanned with CamScanner

Мейрамы ежелден –
Құтты болсын, **Наурыз**!

Тимерлан **Наурыз** – бұл мереке
Құтты болсын береке
Қыдыр ата келсін
Жақсы тілек әкелсін.

Бір топ балаларымыздың «Сылдырмақ» әні

Аяла **Наурыз көктем, наурыз жыр,**
**Ана мейрім, шуақ нұр**
**Жан несін жаңартқан,**
**Аққан бұлақ, нәзік сыр.**

Әзірет **Қыс өтіп, қар кетіп**

**Шырайлы жаз жетіп.**

**Шаруаның кеңелген,**

**Мейрамы ежелден**

Құтты болсын бұл Наурыз!

Аслан. **Наурыз жылы, жыл басы**
**Наурыз көже ел асы**
**Наурызда бас қосуды**
**Тілеу керек осыны**

Мың бұралған қыздарымыздың биін тамашалайық.

***Би:Бір топ қыздар. «Қамажай»***

Жүргізуші: Осыншама жақсылық

Алып келген Науырызым

Төрлет бізге нұр беріп

Шуақ шашқан ақ жүзің.

Ән: хор « Наурыз келді, алақай»

Жүргізуші:Балалар бізге тағыда қонақ келе жатыр. (ортаға күй әуенімен

Қыдыр ата келеді.)

Қыдыр ата: (Залды бір айналып шығып,ортаға келеді.)

Армысыңдарма жамағат! Қолдарыңды жай бата берейін

Ұлыс оң болсын!

Scanned with
CamScanner

Ақ жол болсын!

Қайда барсаң жол болсын!

Жыл бойы тыныштық болсын

Қазанымыз оттан түспесін

Дастарқанымыздан береке кетпесін

Молайсын елге қосқаның,

Жарасып көңіл қоштығы

Бекісін халық достығы

Әспеттеп ата дәстүрін,

Әсем боп өссін жас буын.

Кірбің тартпасын кәрілер,

Барының дәмді нәрін бер!

Музыка ойналып, Қыдыр ата қоштасып шығып кетеді.

Ән: «Балапан»

***Жүргізуші:***

Ән қосылсын сәніңе!

Ырысты боп жаңа жыл!

Бақ дарысын бәріңе!

Ой қосылып ойыңа

Бас қосылып бойыңа

Аман-есен жетейік

Келер Наурыз тойына.

Осымен «Қарлығаш» тобының дайындаған мерекелік іс шарасы аяқталды келесі Наурыз тойында кездескенше қош сау болыңыздар!

Scanned with CamScanner





# Армысың Әз наурыз









Қарлығаш тобы

Scanned with CamScanner